

М.А. Айдархан¹, Н.С. Халикова^{2*}

^{1,2}Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан
(*Хат-хабарға арналған автор. E-mail: khalikova_nurila1976@mail.ru)

¹ORCID 0009-0008-5337-0431

²ORCID 0000-0002-1360-0131

Көркем шығармаға герменевтикалық талдау арқылы білім алушылардың интерпретациялау дағдыларын дамыту

Мақалада әдеби герменевтика көркем шығарманы интерпретациялаудың тиімді әдісі ретінде қарастырылды. Жаңа гуманитарлық білім беру аясында білім алушылардың әдеби мәтінді терең түсініп, жеке көзқарас тұрғысынан интерпретациялауға үйренуі аса өзекті мәселелердің бірі. Қазіргі білім беру жүйесінде білім алушылардың көркем мәтінді тек мазмұндап қана қоймай, оны терең түсініп, мәнін интерпретациялауға үйренуі — басты талаптардың бірі. Дәстүрлі түсіндіру әдістері әдебиетті оқытуда білім алушылардың жеке пікірін, шығармашылық ойлауын толық ашуға жеткіліксіз. Осы орайда, герменевтикалық талдау — мәтіннің мағынасын ашу мен түсіндіруді мақсат ететін ілім ретінде әдебиет сабақтарында оқырман мен мәтін арасындағы диалогты дамытуға мүмкіндік береді. Зерттеудің мақсаты — герменевтикалық талдауды көркем шығарманы интерпретациялаудың тиімді әдісі ретінде негіздеу және оны әдеби білім беру процесінде қолданудың ғылыми-әдістемелік мүмкіндіктерін айқындау. Зерттеудің негізгі идеясы — әдеби білім беруде заманауи тәсілдерді қолдану арқылы оқырмандық қабылдауды қалыптастыру жолдарын қарастыру. Бұл зерттеу көркем мәтінді түсіндіру мен интерпретациялаудың заманауи әдісі ретінде герменевтикалық талдаудың маңызын айқындайды. Мақалада оқырманның мәтінді қабылдау және түсіну деңгейлері, көркем шығарманы қабылдаудағы танымдық компоненттер, сондай-ақ көркем шығармаға талдау жасау мен интерпретация үдерістерінің айырмашылықтары айқындалған. Сонымен қатар мақалада эмпирикалық зерттеу жасалынып, сандық, сапалық, статистикалық талдау жүргізілді. Эмпирикалық зерттеуге Ө. Жәнібеков атындағы ОҚПУ-дың филология факультетінің 3-4 курсына оқитын студенттер (n = 52) қатысты. Жиналған сауалнама деректері SPSS 26 бағдарламасының көмегімен өңделді.

Кілт сөздер: герменевтика, интерпретация, көркем мәтін, әдеби талдау, әдіснама, оқырмандық қабылдау, мәтінмен жұмыс, авторлық ұстаным, мәтінді түсіндіру, әдеби білім.

Kipicne

Көркем шығарма образды әлем мен поэтикалық тілге негізделген күрделі жүйені тану үдерісі екендігі белгілі. Әдебиетті оқытуда көркем шығарманы оқу, оны алғашқы қабылдау мен түсінуді тиімді ұйымдастыру аса маңызды педагогикалық міндеттердің бірі. Осы орайда көркем мәтінді түсінуде герменевтикалық талдаудың маңызы үлкен. Себебі көркем шығарма тек мазмұндық ақпаратты жеткізумен шектелмей, автордың дүниетанымы мен эстетикалық ұстанымын, сондай-ақ тарихи-мәдени жағдайларды көркем бейнелейтін күрделі рухани құбылыс ретінде танылады. Көркем шығарманы герменевтикалық талдау мәтінді терең, жан-жақты түсінуге бағытталады. Герменевтикалық талдау негізінде оқырман мәтінді түсінумен қатар рухани-мәдени дүниетанымын кеңейтеді. Герменевтикалық талдау жасауда автор, шығарма және оқырман арасындағы герменевтикалық үшбұрыштың мәні мен маңызын түсіну оқырманға мәтіннің терең мазмұнын ашуға жол ашады.

Әдеби білім берудің мақсаты білім алушыларға әдеби шығармаларды түсіну, бағалау, талдау және олар арқылы танымдық, эстетикалық, мәдени және адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған. Осы орайда, герменевтикалық талдау жасауға үйрету білім алушыларға мәтіннің терең мәнін түсінуге, авторлық ойды қабылдауға және интерпретациялық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Герменевтика — мәтінді интерпретациялау теориясы және мағынаны түсіну туралы ғылым. Әдеби герменевтика көркем шығарманы оқырманның қабылдауы, түсінуі, талқылауы, ой қорытуы және оны шығармашылық өңдеуден өткізу үдерісі болып саналады. Ол білім алушылардың әдеби туындыны тек оқып қана қоймай, оны өмірлік тәжірибемен байланыстырып түсінуіне, сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын дамытуына септігін тигізеді. Сонымен қатар көркем шығарманы

герменевтикалық талдау білім алушылардың әдеби шығармаларды оқуға деген қызығушылығын арттырады. Герменевтика — мәтіннің мағынасын терең түсіндіру мен интерпретациялау әдісі. Олай болса, көркем шығарманы герменевтикалық талдау көркем мәтіндерді тек мазмұндық деңгейде емес, сонымен қатар философиялық, психологиялық, мәдени-тарихи қырынан саралап түсінуге ықпал етеді. Әдеби туындыны герменевтикалық талдау барысында білім алушылар мәтіндегі астарлы ойды, символдар мен метафоралардың мәнін, кейіпкерлердің іс-әрекеті мен олардың ішкі жан дүниесінде болып жатқан құбылыстардың себептерін түсінуге ұмтылады. Көркем шығармаларды герменевтикалық талдау білім алушыларға қазақ әдебиетіндегі ұлттық құндылықтар мен философиялық тұжырымдарды терең ұғынуға бағыттайды.

Көркем мәтінді терең түсінудің алғашқы теориясын Ф. Шлейермахер ұсынды. Әдеби мәтінді оқу барысындағы туындаған сұрақтарға герменевтика арқылы жауап беруді қарастырады. Ф. Шлейермахер оқырманға автордың орнына өзін қойып көруді ұсынады, осылайша оқырман автордың шығармашылық шешімін шынайы сезіне алады. Бұл «дивинациялық» әдіс, яғни оқырман автордың орнына өзін қойып көре отырып, мәтінді терең сезінуіне мүмкіндік туғызады. Сонымен бірге Ф. Шлейермахер түсінудің бір ғана әдістен тұрмайтынын, дивинацияны әртүрлі деңгейде жүргізу арқылы «герменевтикалық шеңбер» қалыптасатынын, ол шеңбер мәтінді жан-жақты тануға көмектесетінін атап өткен.

Әдістер мен материалдар

Мақала жазу барысында зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми әдебиеттерге жан-жақты шолу жүргізілді. Ақпаратты жинақтау, жүйелеу, талдау, салыстыру, эмпирикалық зерттеу (сауалнама), сандық, статистикалық, сипаттамалық талдау жасау сияқты әдістер қолданылды. Респонденттер ретінде Ө. Жәнібеков атындағы ОҚПУ филология факультетінің 6B011700 «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасында оқитын 52 білім алушы таңдалып алынды. Зерттеу сұрағына байланысты Лайкерт шкаласына сәйкес сауалнама әзірленді. Сауалнама Гугол форма бағдарламасы арқылы жасалынып, респонденттерге онлайн таратылды. Зерттеу барысында алынған нәтижелер SPSS 26 бағдарламасында өңделіп, статистикалық талдау жасалынды. SPSS 26 бағдарламасында сұрақтар бойынша статистика және демографиялық айнымалылар, сауалнама сұрақтары бойынша респонденттердің көзқарастарының пайыздық (%) көрсеткіші, сипаттамалық статистикалық көрсеткіштер, сұрақтардың сенімділігі (Cronbach's Alpha), деректердің қалыпты таралуы (Normality Tests), сауалнама сұрақтарына жауаптың жиынтық мәні (Total) анықталды. Жасалынған талдаудың нәтижесінде Mann Whitney Utest анализі жасалынды.

Зерттеу аясында герменевтикалық талдау мәселесіне байланысты отандық және шетелдік ғалымдардың іргелі еңбектері талданып зерделенді. Сонымен қатар көркем мәтінді түсіну мен талдау мәселелерін филологиялық тұрғыда қарастырған зерттеушілердің ғылыми еңбектеріне әдеби шолу жасалынды. Атап айтқанда, Т. Есембековтің «Көркем мәтінді талдау негіздері» [1] атты зерттеуі көркем мәтін теориясы саласындағы негізгі бағыттардың бірі ретінде қарастырылады. Ғалым көркем мәтін теориясына байланысты бірқатар мәселелерге тоқтала келе, әдеби герменевтикалық әдістің теориясын жан-жақты талдайды. Ғалым Ғ. Есім «Хакім Абай» [2] атты зерттеуін ұлы ақынның даналық ойларын саралауға арнаған. Абайдың данышпандық ойларын талдауда герменевтикалық тәсілді қолданған.

Көркем шығарманы герменевтикалық тұрғыда талдау және интерпретациялау мәселелерін зерттеген бірқатар отандық ғалымдардың еңбектері мақала әдіснамасының негізін құрайды. Атап айтқанда, Қ. Жанұзақованың «Көркем мәтінді талдау мен түсіну және герменевтиканың кейбір мәселелері» [3], Ұ. Еркінбайдың «Қазіргі әдебиеттану ғылымындағы герменевтикалық, структуралистік және семиотикалық зерттеу тәсілдері» [4], Б. Жұмақиева мен Ғ. Қамбарованың «Көркем мәтінді қабылдау мен түсіну — интерпретация қадамдары» [5], Ғ. Отарбаеваның «Мәтін және интерпретация» [6], сондай-ақ Г. Алдамбергенова мен Б. Панзбектің «Герменевтикалық әдістің әдебиеттану ғылымындағы орны» [7] атты еңбектері гуманитарлық ғылымдар аясындағы герменевтикалық әдістің теориялық негіздерін талдауға бағытталған. Сонымен қатар шетелдік зерттеушілердің герменевтика мен интерпретация саласындағы еңбектері зерттеудің теориялық-практикалық мазмұнын тереңдете түсті. Мәселен, Г. Насриеваның «Hermeneutic Method in Literature» («Әдебиеттегі герменевтикалық әдіс») [8] атты мақаласында герменевтикалық әдістің мазмұны ашылып, көркем мәтінді талдау үдерісінде оны қолданудың тиімді жолдары жан-жақты сипатталады. Ал Т. Калаганың «Literary Hermeneutics: From Methodology to Ontology» («Әдеби герменевтика:

Әдіснамадан онтологияға дейін») [9] атты зерттеуінде герменевтиканың әдіснамалық бастаулары мен онтологиялық аспектілері қарастырылады. Автор герменевтиканы тек мәтінді түсіндіру құралы емес, сонымен бірге адамның болмысын тануға бағытталған философиялық тәсіл ретінде сипаттайды. Еңбекте түсіну мен түсінбеушілік, тіл мен сана, мәтін мен автор, интерпретация мен шындық арасындағы өзара байланыстар зерделенеді. Сонымен қатар автор герменевтиканы экзистенциалды, субъективті және мәдени өлшемдерде қарастыра отырып, әдебиет пен философия арасындағы сабақтастықты көрсетеді. С. Хабшайдтің «Analyse und Interpretation von Lyrik: Reichweite und Grenzen der Textlinguistik» («Поэзияны талдау және интерпретациялау: мәтін лингвистикасының мүмкіндіктері мен шектеулері») [10] атты мақаласында поэтикалық мәтінді интерпретациялау үдерісінде мәтін лингвистикасының қолдану аясы, сондай-ақ оның теориялық және практикалық мүмкіндіктері қарастырылады.

Кэтрин С. Маккарти мен Сьюзан Р. Голдманның «Constructing interpretive inferences about literary text: The role of domain-specific knowledge» [11] атты мақаласында соңғы жылдары мәтінді оқу және дискурс түсіну саласындағы зерттеулерге ерекше назар аударылады. Зерттеушілер салалық немесе нақты пәнге тән оқу дағдыларын қалыптастыру, әдеби мәтіндерді терең түсінуде интерпретациялық дағдыларды дамыту қажеттілігі маңызды екенін қарастырылады.

Кэндис Беркетт пен Сьюзан Р. Голдманның «Getting the Point of Literature: Relations Between Processing and Interpretation» [12] атты зерттеуінде әдеби мәтіндерді оқу және интерпретациялау процестері қарастырылған. Зерттеушілер әдебиет саласында тәжірибесі бар эксперттер мен жаңадан келген білім алушылардың мәтінді оқу үдерістерін салыстырып талдаған. Нәтижелер көрсеткендей, эксперттер мәтінді оқу барысында интерпретациялық процестерді белсенді қолданады және мәтіннің негізгі мағынасын тез түсінеді, ал жаңадан келген білім алушылардың интерпретациялық дағдылары әлі толық қалыптаспаған. Зерттеушілердің қорытындысы бойынша, жаңадан келген оқушылар да интерпретациялық қорытындылар жасай алады, бірақ олардың интерпретациялары эксперттердің деңгейіне қарағанда қарапайым болып келеді. Жүргізілген зерттеу әдеби интерпретацияны дамытуға бағытталған оқыту әдістемелерінің маңыздылығын көрсетеді және студенттердің мәтінді терең түсінуін қолдау үшін арнайы интерпретациялық стратегияларды қолданудың тиімділігін дәлелдейді.

Нәтижелер мен оларды талдау

Көркем әдебиетті талдау үдерісі шығармашылық ізденісті қажет етеді. Оқырман көркем туындыны өзінің дүниетанымы, эмоционалдық қабылдауы мен білім деңгейіне сүйене отырып түсінеді. Әдеби білім берудің басты мақсаты әдеби шығарманы оқу мен оны талдауға үйрету. Әдеби шығарманы оқу оны түсіну мен қабылдаудан басталып, мәтіннің көркемдік ерекшеліктерін, идеялық-мазмұндық сипатын, авторлық ұстанымды, образдар жүйесін, тілдік-көркемдік құралдарды талдаумен жалғасады. Бұл үдеріс оқырманның ойлау қабілетін дамытып, эстетикалық талғамын қалыптастырады, рухани-адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіруге ықпал етеді. Сондықтан көркем шығарманы талдау тек мазмұнын айтып беру емес, оны терең пайымдап, өмірмен, автор дүниетанымымен және оқырман тәжірибесімен байланыстыра қарастыруды талап етеді.

Қазақ әдебиетін оқыту үдерісінде білім алушыларды әдеби талдауға бейімдеу — өзекті педагогикалық міндеттердің бірі. Болашақ маман көркем мәтінді жан-жақты және терең талдауға машықтанған жағдайда, оның интерпретациялық ойлау қабілеті мен мәтінді түсіну деңгейі айтарлықтай артады. Көркем мәтінді талдау әдістері — көркем шығарманы терең, жүйелі және ғылыми тұрғыдан ұғынуға бағытталған тәсілдер кешені. Осы әдістердің ішінде автор идеясы мен ұстанымын, мәтіннің терең мағынасын ашуға мүмкіндік беретін тиімді құралдардың бірі — әдеби герменевтика әдісі. Бұл әдіс гуманитарлық ғылымдар саласында кеңінен қолданылады. Герменевтика — түсіну мен ұғыну теориясына негізделген заманауи әдеби талдау әдісі. Әдеби герменевтиканың мәні мәтінді түсіндіру мен интерпретациялау арқылы оның мазмұнын терең ашу. Көркем шығарманы интерпретациялауда оны қабылдайтын оқырманның дүниетанымы мен эстетикалық ұстанымдары шешуші рөл атқарады. Герменевтикалық талдауда оқырман — пассив қабылдаушы емес, белсенді түсіндіруші рөліне енеді. «Интерпретация — әдебиеттанудағы күрделі, әрі әлі де болса жан-жақты зерттей түсуді қажет ететін мәселелердің бірі. Көркем шығарманы оқығанда әр оқырман интерпретатор ретінде танылатындықтан интерпретация мен талдаудың ара-жігін ашып көрсеткен зерттеулер көп емес. Көркем шығармаға талдау жасай алу үшін де ол шығарманы қабылдап, түсіну керек. Ал, интерпретация дәл осы қабылдау, зердеге түйіп, түсіну деген ұғымдарды көздейді» [6; 199]. Герменевтикалық әдіс көркем шығарманың астарлы мағынасының интерпретациясын жасап, оның

ішкі мазмұнын терең түсіндіруге ықпал етеді. Герменевтикалық талдауда «автор-мәтін-оқырман» байланысы көркем шығарманы жан-жақты тануға жағдай жасайды. Бұл үдеріс білім алушының ойлау қабілетін, шығармашылық еркіндігін дамыта отырып, әдебиет сабағының мазмұнын байытады.

Көркем мәтінді терең түсінудің алғашқы теориясын неміс ғалымы Ф. Шлейермахер ұсынды. Ғалым әдеби шығарманы оқу барысында туындайтын сұрақтарға жауап іздеуді герменевтикалық үдеріс арқылы шешу қажет деп есептеді. Ф. Шлейермахер туындаған сұрақтарға жауап табудың жолы ретінде интерпретацияны негізгі тәсіл ретінде қарастырған. Фридрих Шлейермахердің «герменевтикалық шеңбер» ұғымы мәтінді түсінудің күрделі әрі терең үдерісін сипаттайды. Сонымен қатар ғалым «автор-шығарма-дәстүр» деген жүйе мәтінді түсінудің тиімді жолы екендігіне тоқталған. Герменевтиканың дамуына В. Дильтей, Х.Г. Гадамер және М. Хайдеггер сынды ғалымдар елеулі үлес қосқан. Бұл ойшылдар герменевтиканы тек мәтінді түсіндіру әдісі ғана емес, адам болмысын танудың философиялық негізі ретінде қарастырды. Вильгельм Дильтей (1833-1911 ж.) көркем мәтінді түсінуге арналған өзіндік іргелі теориясын ұсынған. Әдеби мәтінді оқу барысында туындайтын сұрақтарға жауап іздеу әрекеті — оқырман мен мәтін арасындағы танымдық диалогтың нәтижесі. Бұл үдерісті герменевтикалық талдаудың өзегі ретінде қарастыруға болады. Себебі оқырман мәтінді тек қабылдаушы емес, оның мағынасына ой жүгіртуші, түсіндіруші тұлға ретінде көрінеді. Осы тұжырымға сүйене отырып, бірқатар ғалымдар (Г.Г. Гадамер, П. Рикёр және т.б.) интерпретацияны әдеби мәтінді түсінудің негізгі әдіснамалық құралы ретінде ұсынады. Олар мағына мәтінде дайын күйде берілмейді, ол оқырманның мәдени, тарихи және танымдық тәжірибесіне сүйенген герменевтика (түсіндіру) үдерісінде қалыптасады деп есептейді. Г.Г. Гадамердің герменевтикасы мәтінді, тарихи оқиғаларды, мәдени құбылыстарды түсіну процесін талдауға негізделеді. Оның герменевтикалық концепциясы бойынша мәтінді түсіну — субъект пен объект арасындағы диалогтық қатынас. Бұл диалог арқылы мағыналар өзгеріп, жаңа мәнге ие болып жатады. Осы үдеріс негізінде әртүрлі тарихи кезеңдер мен мәдени ортада өмір сүрген адамдардың арасында рухани байланыс орнатуға болады. Г.Г. Гадамер көркем туындыны ұғыну — бұл оқырманның өмірлік танымы мен мәтіннің негізгі идеясы арасындағы көкжиектер тоғысуы деп есептейді. Бұл процесс барысында оқырман өз түсінік көкжиегін мәтіннің тарихи және мәдени контекстімен ұштастырады. Осылайша, түсіну — жай ақпаратты қабылдау емес, керісінше, тұлға мен мәтін арасындағы мағыналық өзара әрекеттесу ретінде диалог құру. Ганс Георг Гадамердің «Ақиқат пен әдіс. Философиялық герменевтиканың негіздері» (нем. «Wahrheit und Methode. Grundzüge einer philosophischen Hermeneutik», 1960 ж.) атты еңбегі герменевтикалық философияның іргелі туындыларының бірі. Г.Г. Гадамердің еңбектері гуманитарлық ғылымдарға, әсіресе мәдениет, әдебиет және философия бағыттарына зор әсерін тигізді. Әдеби герменевтика саласында еңбек еткен ғалымдардың бірі — Виргиния университетінің профессоры Эрик Дональд Хирш. Оның негізгі ғылыми еңбектері ретінде «Достоверность интерпретации» (1967), «Три измерения герменевтики» (1972), «Цели интерпретации» (1976) атты кітаптары кеңінен танымал. Хирш герменевтиканың теориялық мәселелерін әртүрлі әдеби мектептер мен бағыттар тұрғысынан терең зерттейді. Ол әсіресе шығарманың авторлық түпкі ойы мен мақсатына ерекше назар аударады және шығарманы интерпретациялауда авторлық ұстанымнан алшақтамау керек деген ой айтады.

Әдеби туынды халықтың ұлттық дүниетанымы мен құндылықтарын көркем бейнелейтін, адамзаттың ой-санасы мен іс-әрекетіне көркемдік тұрғыдан баға беретін рухани-эстетикалық құбылыс ретінде танылады. Кей жағдайларда шығарманың мазмұны кішкентай ғана бір деталь арқылы ашылып жатса, енді бірде тұтас туынды сол бір ғана көркем бөлшектің маңызын тереңірек түсіндіруге бағытталып жатады. Кейде авторлық идея астарлы ойларды меңзеп, шығарманың қарапайым ғана сюжеті терең мағынаны жеткізеді. Осы орайда көркем мәтінді дұрыс ұғынып, оның мазмұнын қабылдай білу аса маңызды. Ал интерпретация шығарманың осындай терең концептуалдық мазмұнын ұғынуға мүмкіндік туғызады. Ғалым К.Т. Жанұзақова әдебиеттанудағы интерпретацияның бірнеше түрін атап өтеді. «Әдебиеттануда интерпретация көркем шығарманың тұтастай мағынасын, мазмұнын, оның идеясын, концепциясын тану, түсіну, зерделеу болмақ. Оның бірнеше түрлері бар:

Алғашқы, оқырмандық интерпретация адамның шығарманы оқып шыққаннан кейінгі алғашқы әсеріне, көңіл-күйіне, сезіміне негізделеді.

Ғылыми интерпретация. Әдебиеттанушы оқырман ретіндегі алғашқы әсерін ғылыми негізде жинақтап, нақтылап, әдеби талдаумен тексереді.

Шығармашылық-образдық интерпретация әдеби шығарманы көркемөнердің басқа түріне көшіру (мысалы, әдеби шығарма негізінде көркем фильм түсіру, сахналық қойылым, опера немесе балет жасау т.т.)» [3; 38].

Көркем шығарманы оқыту мен әдеби талдауға үйретуде әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдану — білім алушының мәтінді терең түсінуіне, оны эстетикалық тұрғыдан қабылдауына және сыни ойлау қабілетінің дамуына ықпал етеді. Бұл үдерісте дәстүрлі және заманауи әдістердің үйлесімді пайдаланылуы оқырман мен мәтін арасындағы байланысты тереңдетеді. Көркем шығарманы оқытуда түрлі әдіс-тәсілдердің жүйелі қолданылуы білім алушының оқырмандық интерпретациясын дамытады. Қазіргі әдеби білім беруде қолданылып жүрген заманауи әдістердің бірі — көркем мәтінге герменевтикалық талдау жасау. Бұл әдіс көркем мәтінді оқырманның қабылдауы мен түсінігіне сүйене отырып талдауға, оны өмірлік тәжірибе мен рухани құндылықтар аясында ұғынуға бағытталған. Герменевтикалық талдау арқылы мәтінді интерпретациялау әдеби шығарманы жан-жақты тануға ықпал етеді. Герменевтикалық талдау білім алушы мен мәтін арасында диалог орнатып, көркем туындыны түсіну мен қабылдаудың көпқырлы болуын қамтамасыз етеді.

Интерпретация «автор-мәтін-оқырман» сияқты үш компонентті байланыстырады. Бұл үштік байланыс — мәтінді дұрыс әрі толық түсіндірудің негізгі алғышарты. Осы тұрғыдан алғанда, интерпретация нәтижесінде жасалатын мағыналық құрылым — бір жағынан оқырманның ішкі жан дүниесіне, екінші жағынан автор ұсынған көркем әлемінің арақатынасынан түзіледі. Интерпретация — көркем шығарманы қабылдау мен түсінудің негізі. Герменевтикалық тәсіл тұрғысынан алғанда, шығарманы түсіну — автордың айтпақ ойын оқырман санасында қайта зерделеу. «Мәтінді толық қабылдау үшін оқырманның авторлық позицияны анықтауы жеткіліксіз. Автор мен рецепиент арасында ортақ эмоционалдық кеңістіктің болуы, олардың жан дүниесінің белгілі бір жақындығы оқырманға шығарманың түпкілікті құндылығы мен жазушының шынайы ұстанымдарын бүкпесіз «бетпердесіз» көрсетеді. Көркем мәтінді түсініп, қабылдау үдерісінде автордың дүниеге көзқарасы мен оқырманның автордың позициясын, сол арқылы өзінің ішкі дүниесіндегі позициясын түсінуге талпынысы өзара диалогқа ұласады. Мәтіндегі оймен келіспесе, автормен келіспегені; келіссе, авторды құптағаны» [13; 172]. Көркем шығарманы интерпретациялауда оқырмандық дискурс пен оқырман танымы — көркем мәтінді түсінудің ғана емес, оны жеке рухани тәжірибеге айналдырудың да негізі. Әдеби білім беруде бұл категорияларды ескеру — білім алушының әдебиетке деген қызығушылығын, талдау және сыни ойлау дағдыларын дамытудың тиімді жолы. Оқырман танымы — бұл мәтінді қабылдау, ұғыну және интерпретациялау барысында оқырманның тұлғалық ерекшеліктері мен тәжірибесіне сүйенетін когнитивті және эмоциялық үдеріс. Ол оқырмандық дискурстың мазмұндық және функционалдық қырларын айқындайды.



1-сурет. Интерпретация құрылымы

Интерпретация «автор, мәтін және оқырман» арасындағы үштік байланыс арқылы жүзеге асырылады. Бұл үштік байланыс мәтінді дұрыс әрі толық түсінудің негізгі алғышарты. Осы тұрғыдан алғанда, интерпретация процесінде қалыптасатын мағыналық құрылым оқырманның жеке психологиялық және ішкі дүниелік қабылдауы мен автор ұсынған көркем әлемнің арақатынасынан түзіледі. Интерпретация көркем шығарманы қабылдау мен түсінудің негізін құрайды. Герменевтикалық тәсіл тұрғысынан алғанда, шығарманы түсіну — автордың ой-ниетін оқырман са-

насында қайта зерделеу және оның мәнін дәл жеткізу процесі. Интерпретация құрылымы — бұл мәтінді түсіну үдерісінің негізгі компоненттері болатын қабылдау мен түсінудің үйлесімі (1-сурет).

Герменевтиканың ауқымды әрі күрделі ғылым ретінде танылуы, ең алдымен, автор мен оқырман арасындағы өзара қарым-қатынастың күрделілігімен тікелей байланысты. Көркем шығарманы оқу және түсіну үдерісінде жазушы мен оқырман арасында диалог орнайды. Жазушы өмірлік шындықты өз дүниетанымы мен көркемдік көзқарасы негізінде бейнелесе, оқырман шығармадағы оқиғалар мен кейіпкерлерге өз таным деңгейінен қарап, өзіндік бағасын береді. Осылайша, мәтін-автор мен оқырманның рухани тоғысар тұсы ретінде көрініс табады.

Оқырманның мәтінді түсінуінің бірнеше деңгейі бар. Бірінші деңгей — мәтінді дәлме-дәл түсіну, яғни оқырман оқиға желісін, кейіпкерлерді, уақыт пен кеңістікті нақты ажыратып, мәтін мазмұнын қайталап бере алады. Екінші деңгей — интерпретативті түсіну, мұнда оқырман мәтіндегі авторлық көзқарасты және астарлы ойды анықтап, логикалық ойлау мен талдау арқылы мәтінді тереңірек ұғынады. Үшінші деңгей — бағалау, ең жоғары деңгей, онда оқырман мәтінге өз көзқарасын білдіріп, идея мен құндылықтарға баға береді, мәтінді өмірмен байланыстыра талдай алады (1-кесте).

1 - к е с т е

Оқырманның мәтінді түсіну деңгейі

№	Деңгейлері	Түсініктемесі
1	Мәтінді дәлме-дәл түсіну (Literal comprehension)	Бұл — мәтінді бастапқы түсіну, яғни оқырман оқиға желісін, кейіпкерлерді, уақыт пен кеңістікті нақты ажыратып, шығарма мазмұнын қайталап бере алатын деңгей. Көркем мәтіндегі ақпаратты тікелей қабылдау, фактілерді, оқиғаларды, кейіпкерлер әрекетін сол күйінде ұғыну. Бұл деңгейде жиі қойылатын сұрақтар: <i>Кім?</i> (Басты кейіпкердің аты кім?), <i>Не?</i> (Не болды?), <i>Қашан?</i> (Оқиға қашан болды?), <i>Қайда?</i> (Оқиға қай жерде өтті?) т.б.
2	Интерпретативті түсіну (Interpretative comprehension)	Бұл деңгейде оқырман мәтіндегі автордың көзқарасын, астарлы ойды анықтай алады. Бұл деңгейде туындаған сұрақтарға жауап беру үшін білім алушының логикалық ойлау, талдау және болжам жасау қабілеттері қалыптасуы керек. Бұл — білім алушының оқығанын терең түсінуге, мазмұнды шынайы өмірмен байланыстыра талдауға септігін тигізеді. Бұл деңгейде көбіне «неліктен?», «не себепті?» және «қалай?» деген сұрақтарға жауап беру талап етіледі, себебі мұндай сұрақтар мәтіндегі астарлы ойды түсінуді, яғни тікелей айтылмаған мағынаны аңғаруды қажет етеді. «Неліктен кейіпкер бұндай әрекеттерге барды?», «Оқиға қалай өрбіді? Кейіпкер неге бұлай шешім қабылдады?» т.б.
3	Бағалау (Critical/Evaluative comprehension)	Бұл — ең жоғары деңгей. Мұнда білім алушы мәтінге өз көзқарасын білдіріп, шығармадағы идея мен құндылықтарға баға бере алады. Мәтінді өмірлік тәжірибесімен байланыстырып, нақты дәлелдер арқылы өз пікірін негіздейді. Бұл деңгейге тән сұрақтар: «Кейіпкердің әрекетімен келісесіз бе?», «Мәтіндегі ақпарат шынайы ма?», «Бұл мәтін шынайы өмірмен қалай байланысады?», «Егер сіз кейіпкердің орнында болсаңыз не істер едіңіз?» т.б.

Мәтінді түсінудің деңгейлері бір-бірімен өзара байланысты. Көркем шығарманы дәлме-дәл түсіну — оқу процесінің іргетасы болса, интерпретативті және бағалау деңгейлері — оқушының терең ойлауын, мәтіннің астарлы мағынасын ашып, оны бағалай алу қабілетін қалыптастыратын жоғарғы сатылар. Сондықтан бұл деңгейлерді оқу үдерісіне кезең-кезеңімен және жүйелі түрде енгізу оқушылардың сыни ойлау және танымдық, шығармашылық қабілеттерін жан-жақты дамытады. Б.Д. Жұмақаева, Ғ.С. Қамбарованың «Көркем мәтінді қабылдау мен түсіну — интерпретация қадамдары» атты мақаласында авторлар оқушының көркем шығарма оқу үдерісінде оқиға желісін түсініп қана қояы жеткіліксіз екенін, оқырман ретінде мәтінді сыни тұрғыдан түсіну мәселесі қарастырылады. «Әдеби шығарманы оқу тек мәтін бойынша ақпарат алу емес. Бұл тұрғыда әдеби

шығарма мен өзге пәндердегі оқу материалын оқудың елеулі ерекшелігі бар. Әдеби шығарма — образды әлемге, поэтикалық тілге құрылған күрделі жүйе» [5; 60]. Ғалымдардың тұжырымдауынша, әдебиет сабақтарында көркем шығарманы оқытуды баяндау әрекетінен бастаудың өзіндік мәні бар. Себебі баяндау әдебиетті оқытуда оқушының белсенді оқу әрекеті ретінде қарастырылады. Баяндау білім алушының түсінік деңгейін анықтап қана қоймай, әдеби шығарманың құрылымдық жүйесін түсінуге алғашқы бағдар ретінде саналады. Сонымен қатар баяндау әдеби мәтінді шығармашылық тұрғыда өңдеуді қамтитын ой-таным процесі ретінде қарастырылады. Оның негізгі мақсаты білім алушының ойды құрылымдап жүйелі сөйлеу дағдысын қалыптастыруға бағытталады.

Көркем шығарманы интерпретациялау үдерісінде бірнеше маңызды кезеңдерді атап өтуге болады. Біріншіден, әдеби шығарманы оқу тек ақпарат алу емес, ол оқырманды мәтіннің образды әлеміне енетін, поэтикалық тіл арқылы ой-танымдық әрекетке жетелейтін күрделі үдеріс. Екіншіден, мәтінді қабылдау — оқырманның шығарманы сыни тұрғыдан түсінуін қамтамасыз ететін процесс. Бұл кезеңде білім алушы мәтіннің мағынасын, авторлық идеяны және кейіпкерлер іс-әрекетін түсінуге тырысады. Үшіншіден, баяндау білім алушының түсінігін нақтылап қана қоймай, әдеби мәтінді шығармашылық тұрғыдан өңдеуге, ойды құрылымдауға және жүйелі сөйлеуге ықпал ететін функционалды іс-әрекет. Осылайша, әдеби шығарманы оқу, оны қабылдау және баяндау көркем мәтінді толыққанды интерпретациялаудың негізгі қадамдары ретінде әдебиет сабағында білім алушының танымдық белсенділігін арттыруға бағытталуы тиіс.

Көркем шығарманы қабылдау — күрделі психологиялық әрі танымдық үдеріс. Ол оқырманның эстетикалық, когнитивтік және эмоциялық әрекеттерінің бірлігінің нәтижесінде жүзеге асады. Бұл үдерісте оқырман авторлық идеяны ұғынып, кейіпкермен рухани үндестік табуға, мәтіннің астарлы мағынасына терең үңілуге және оны өзінің өмірлік тәжірибесімен салыстыра отырып интерпретациялауға ұмтылады. Көркем шығарманы қабылдау үдерісінде оқырманның шығарманың сюжеттік желісін ғана меңгеруі жеткіліксіз. Әдеби туындыны терең түсіну үшін оқырман мәтіннің тақырыбы мен авторлық идеяны, шығарманың көркемдік табиғатын, көркем бейнелер жүйесін, сондай-ақ өмірлік шындық пен көркемдік шындықтың арақатынасын зерделей алуы қажет. Оқырманның герменевтикалық ізденістерінің нәтижесінде мәтін мен тұлға арасындағы диалог орнап, шығарманың астарлы мәні мен көркемдік-аксиологиялық мазмұны ашылады. Бұл процесс оқырманның өзін-өзі тануына, моральдық-этикалық бағдарын нақтылауына, тұлғалық дамуына ықпал етеді. Көркем шығармаға герменевтикалық талдау жасауда оқырман танымы — мәтінді түсіну мен мағынасын ашуда шешуші рөл атқаратын фактор. Герменевтикалық талдау үдерісі — автор мен мәтін арасындағы байланыспен қатар, оқырманның жеке тәжірибесі, дүниетанымы, білім деңгейі және эмоциялық қабылдауы арқылы жүзеге асады. Герменевтикалық талдау жасауда оқырман танымы маңызды орын алады. Оқырман танымының негізгі компоненттері — бұл мәтінді қабылдау, түсіну және бағалау үдерістерін қамтитын когнитивтік және эмоционалдық қабілеттер жиынтығы (2-кесте).

2 - к е с т е

Оқырман танымының негізгі компоненттері

№	Негізгі компоненттер	Сипаттамасы
1	Оқырман сауалы	Мәтінді оқи отырып туындайтын сұрақтар мен ізденістер оқырманның белсенді танымдық ұстанымын көрсетеді. Бұл компонент оқырманның мәтінге қызығушылығын арттырып, шығарманы саналы түсінуге жетелейді
2	Көркем шығармадағы ақпаратты қабылдау және пайымдау	Оқырман оқиғаларды тек қабылдап қоймай, оны өмірлік тәжірибесімен салыстыра отырып талдайды. Бұл танымдық әрекет мәтіннің мазмұндық астарларын тереңірек ашуға көмектеседі
3	Сыни тұрғыдан ойлау	Оқырман мәтінге жай қабылдаушы ретінде емес, өз көзқарасы бар белсенді субъект ретінде қарайды. Ол автор идеяларына, бейнелеу тәсілдеріне сын тұрғысынан қарап, жеке пікір қалыптастырады
4	Өмірлік тәжірибе	Әр оқырман өз өмірлік тәжірибесіне сүйене отырып мәтінді өзінше қабылдайды. Бұл компонент мәтін мазмұны мен оқырман болмысының өзара байланысын күшейтеді

№	Негізгі компоненттер	Сипаттамасы
5	Білім деңгейі	Тілдік, тарихи және мәдени білімнің тереңдігі мәтін мағынасын дәл әрі жан-жақты түсінуге жол ашады. Әдеби шығарманы түсінудегі герменевтикалық қабілет осы білім негізінде дамиды
6	Оқырман болмысы, оқыrmандық мәдениет	Оқыrmанның дүниетанымы, құндылықтары мен эстетикалық талғамы көркем мәтінді интерпретациялау үдерісінде маңызды рөл атқарады. Бұл компонент оқырман мен мәтін арасындағы субъективті байланыс арнасын ашады

Осы аталған факторлар негізінде қалыптасатын оқыrmандық дискурс — оқырман мен көркем мәтін арасындағы өзара әрекеттестіктің күрделі құрылымын құрайды. Бұл дискурста авторлық позиция мен оқыrmанның танымдық белсенділігі өзара ұштаса отырып, тек мәтіннің мазмұны ғана емес, оның терең астарлы мағынасы да айқындалады. «Теориялық және практикалық талдау нәтижелері бойынша интерпретация бірнеше кезеңдерден тұрады. Олар: байқау, болжау, гипотезалар ұсыну, зерттеулер қорытындысы және оларды бар мәліметтермен салыстыру. Нәтижесінде мәтін мазмұны ашыла түседі. Мәтін интерпретациясы көркем шығарманың ішкі әлемі мен оқырман дүниетанымының өзара бірігуі нәтижесінен туындайды. Интерпретация процесінде қабылдаушы мәтін туралы өз жобасын жасайды. Сол арқылы қабылдаушы мәтінге өз бағасын береді. Реципиенттің көркем мәтінді өзіндік өмірлік жағдаяттармен, өмірлік құндылықтармен байланыстыра қабылдауының нәтижесі бір мәтіннің бірнеше интерпретациясы туындайды. Ол да мәтінді қай деңгейде түсінгендігіне, тұлғалық, тілдік ерекшеліктеріне байланысты. Интерпретация негізінде қабылдаушының мәтінді қаншалықты терең түсінгендігін бағалай аламыз» [6; 201]. Интерпретация — көркем мәтіннің терең мағынасын ашуға, автордың идеялық-эстетикалық ұстанымын түсінуге және оқыrmанның жеке қабылдауын қалыптастыруға бағытталған шығармашылық үдеріс. Интерпретация оқыrmанның ойлау қабілетін, мәтінді талдау дағдыларын және шығармашылық пайымдауын дамытатын танымдық әрекет. Интерпретация жасау арқылы оқырман мәтінді оқи отырып, ойлау, сезіну және пайымдау арқылы өзіндік түсінігін қалыптастырады.

Көркем туынды — мазмұны терең, құрылымы күрделі, көп қырлы рухани-эстетикалық құбылыс. Әдеби шығарманы оқыту мен талдау үдерісінде түрлі әдіс-тәсілдер мен теориялық ұстанымдарға сүйену қажеттілігі туындайды. Бір ғана шығарманы әртүрлі қырынан талдауға болады. Көркем шығарманы талдау мен интерпретациялау — бір-бірімен тығыз байланысты, алайда табиғаты, мақсаттары мен әдіс-тәсілдері жағынан ерекшеленетін екі түрлі әдеби-танымдық үдеріс. Талдау мәтіннің құрылымын, мазмұнын, тілдік-стильдік ерекшеліктерін объективті тұрғыда зерделеуге бағытталса, интерпретация — оқыrmанның шығармамен субъективті қарым-қатынасын, мағына мен астарды түсіндіруге ұмтылысын білдіреді. Екі үдерістің үйлесімділігі көркем мәтінді терең әрі саналы меңгерудің алғышарты. Көркем шығармаға талдау жасау мен интерпретация үдерістерін ажырату мақсатында төмендегі 3-ші кестені ұсынып отырмыз. Бұл кесте білім алушыға талдау мен интерпретацияны салыстыра отырып ұғынуға және өзара айырмашылығын түсінуге көмектеседі (3-кесте).

3 - кесте

Көркем шығармаға талдау жасау мен интерпретация үдерістерінің айырмашылықтары

№	Көркем шығарманы талдау (анализ)	Көркем шығарманы интерпретациялау (түсіндіру)
1	Талдау (анализ) — көркем шығарманы әдеби-теориялық тұрғыдан жан-жақты зерделеуге бағытталған зерттеу тәсілі. Бұл әдіс арқылы шығарма идеясы, тақырыбы, сюжеттік-композициялық құрылымы, жанрлық сипаты, кейіпкерлер образы, сондай-ақ тілдік құралдары мен поэтикалық ерекшеліктері қарастырылады	Интерпретация (түсіндіру) — бұл көркем шығарманың тұтастай мағынасын, мазмұнын, мәнін, автордың идеясы мен көзқарасын тану, түсіну, зерделеу процесі. Интерпретация — оқыrmанның көркем мәтінді жеке тәжірибесі мен көзқарасы негізінде түсіндіруі. Оқыrmандық қабылдау интерпретацияның негізі. Интерпретация көркем шығарманың ішкі мазмұны мен оқыrmанның ішкі әлемінің өзара байланысы. Автор мен оқыrmанның өзара диалог құруы.

№	Көркем шығарманы талдау (анализ)	Көркем шығарманы интерпретациялау (түсіндіру)
2	Көркем шығармаға талдау жасау — әдеби талдаудың алғашқы кезеңі. Көркем шығармаға талдау жасаудың тақырыптық талдау, образ бойынша талдау, тұтас талдау, проблемалық талдау сияқты т.б. әдістері бар. Көркем шығармаға талдау жасау әдебиеттану ғылымымен (әдебиет теориясымен, әдебиет тарихымен, әдебиет сынымен) тығыз байланысты	Мәтінді интерпретациялау — көркем мәтіннің ішкі мазмұны мен оқырман дүниетанымының өзара байланысы. Көркем мәтінді түсіну мен интерпретациялауда оқырманның рөлі ерекше. Интерпретация үдерісінде оқырман — тек қабылдаушы емес, шығарманың мәні мен мағынасын өз дүниетанымы, өмірлік тәжірибесі мен ішкі күйі арқылы қайта жаңғыртушы тұлға
3	Көркем шығарманы талдауда «Шығарманың тақырыбы мен идеясы қандай?», «Шығарманың композициялық құрылымы қалай құрылған?», «Автор қандай көркемдік тәсілдерді қолданған? (эпитет, метафора, символ, теңеу т.б.)», «Шығармада басты кейіпкердің мінезі қалай сипатталады?» т.б. сұрақтар қойылады	Әдеби интерпретация жасағанда интерпретациялық сұрақтар қойылады. Олар — мәтіннің терең мағынасын ашуға, авторлық ұстанымды түсінуге, кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға беруге, сондай-ақ оқырманның жеке тәжірибесі мен дүниетанымы арқылы шығарманы ұғынуына бағытталады. Интерпретациялық сұрақтар «Неліктен?», «Неге?», «Не үшін?» деген сұрау есімдігі арылы беріледі. Мысалы, «Автор бұл ойды неге ашық айтпай, астарлап жеткізген?», «Кейіпкер неге мұндай әрекетке барды?» т.б.

Көркем шығарманы интерпретация жасау арқылы білім алушылардың коммуникативтік, сыни және метатанымдық, зерттеушілік, өзін-өзі дамыту, мәселелерді шешу т.б. дағдылары қалыптасады. Сонымен қатар әдеби шығармаларды оқу, түсіну, қабылдау, талдау білім алушылардың рухани дүниесін байыта отырып, олардың эстетикалық, азаматтық, интеллектуалдық биік талғамдарын дамытады. «Интерпретация мәселесінің бүгінгі таңдағы өзектілігі таным белсенділігінің маңызға ие болуы, көркем шығармаға жаңаша көзқарастардың қалыптасуы, шығарманы түсіну, талдау мәселелері мен автор интерпретатордың тұлғалық қалыптасу формаларының өзектілігімен тікелей байланысты. Көркем шығарманың мазмұны түсіну мен талқылау құралы ғана емес, өмірлік тәжірибе мен қолданысқа да қызмет етуі керек» [14; 32]. Герменевтикалық интерпретация жасау — әдеби мәтінді талдау ғана емес, білім алушылардың дүниетанымын кеңейтіп, тұлғалық дамуына ықпал ететін тиімді педагогикалық тәсіл. Герменевтикалық талдау әдісін меңгерту білім алушылардың бірнеше дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Көркем шығарманы герменевтикалық талдау арқылы олардың мәтінді интерпретациялау дағдылары қалыптасып, зерттеушілік құзыреттілігі дамиды. Интерпретация жасау барысында білім алушылар сыни ойлау қабілетін жетілдіріп, дербес қорытынды жасау, шығармашылық ойлау дағдыларын қалыптастырады. М. Момбекованың «Педагогикалық жағдайлар жасау арқылы студенттердің зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру» [15] атты мақаласында қазіргі жоғары білім беру жүйесіндегі маңызды міндеттердің бірі — студенттердің зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру және дамыту мәселесі қарастырылады. Автор ХХІ ғасыр түлегіне қойылатын талаптарды, атап айтқанда, аналитикалық және сыни ойлау қабілеттерін, сондай-ақ зерттеу білімдері мен дағдыларын кәсіби міндеттерді шешуде қолдана білу қажеттілігін айқындайды. Зерттеу барысында көркем шығармаға герменевтикалық интерпретация жасау барысында білім алушылардың төмендегідей дағдылары қалыптасатындығы анықталды.

– *Мәтінді терең түсіну қабілеті* — көркем шығарманың мазмұнын, астарлы мағынасын, авторлық ойды ұғынып, мазмұнды түсіндіру дағдысы дамиды. Бұл көркем шығарманы тұтас қабылдауға мүмкіндік береді.

– *Интерпретация жасау дағдысы* — мәтінді өзіндік көзқараспен талдау, шығарманы оқырмандық тұрғыдан түсіндіру қабілеті жетіледі.

– *Сын тұрғысынан ойлау* — мәтіндегі идеяларды талдау, салыстыру, дәлелдеу, бағалау қабілеттері қалыптасады.

– *Әдеби-танымдық қабілет* — әдебиетке, көркем тілге, мәдениетке деген қызығушылығы артады, оқырман ретіндегі мәдени деңгейі өседі.

– *Жеке көзқарас білдіру қабілеті* — оқушы өз ойы мен пікірін айтуға дағдыланады, өзіндік интерпретация жасауды үйренеді.

– *Талдау және рефлексия жасау дағдысы* — мәтінді әр қырынан саралап, оның оқырманға әсерін, мағынасын түсінуге бейімделеді. Мәтінмен және авторлық позициямен «ішкі сұхбатқа» түсу арқылы білім алушылар өзіндік көзқарас қалыптастырады және оны өзгелердің ойымен салыстыруға үйренеді.

– *Тұлғалық және экзистенциалдық дамуға ықпал ету* — көркем мәтіндегі философиялық әрі әлеуметтік мәселелерді зерделеу арқылы білім алушы өзін, қоғамды және өмір мәнін тереңірек түсінуге талпынады.

Зерттеу барысында білім алушылардың герменевтикалық талдау және интерпретация жасау дағдыларын айқындау мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнама құрастыруда 5 балдық Лайкерт шкаласы қолданылды. Респонденттер әрбір тұжырымға 5 балдық Лайкерт шкаласы бойынша өз көзқарасын бағалады. Лайкерт шкаласы білім алушылардың әрбір сұраққа деген субъективті бағасын сандық түрде көрсетуге және алынған деректерді статистикалық талдауда қолдануға мүмкіндік берді. Сауалнамаға Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің 6В01701 «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасының 3-4-курс білім алушылары қатысты. Респонденттер саны — 52. Респонденттер көркем мәтіндерді герменевтикалық тұрғыдан талдау және интерпретациялау әдісінің маңыздылығы мен тиімділігі туралы өз пікірлерін білдірді.

Жүргізілген талдаулар көрсеткендей, сауалнамадағы барлық сұрақтар (C1–C15) мен демографиялық айнымалылар (жасы, курсы, жынысы, ұлты) бойынша 52 респонденттен алынған деректер толық жинақталған және талдауға жарамды болып шықты. Деректер жиынтығында толтырылмаған мәндер болмағандықтан, мәліметтер статистикалық өңдеу талаптарына толық сәйкес келеді. Зерттеуге қатысқан 52 респонденттің 50 %-ы (26 респондент) 17–18 жас аралығындағы студенттер, 40,4 %-ы (21 респондент) 19–20 жас аралығындағы білім алушылар, ал 9,6 %-ы (5 респондент) 21 жастан жоғары студенттер болды (4-кесте).

4 - кесте

Сауалнамаға қатысқан студенттердің жиілік көрсеткіші

Жас аралығы	№	Пайыз %	Валидті процент %	Жиынтық процент %
17–18 жас	26	50,0 %	50,0 %	50,0 %
19–20 жас	21	40,4 %	40,4 %	90,4 %
21 жастан жоғары	5	9,6 %	9,6 %	100,0 %
Барлығы	52	100,0 %	100,0 %	—

Төмендегі 5-кестеде сауалнама сұрақтары бойынша респонденттердің көзқарастарының пайыздық көрсеткіші берілген.

5 - кесте

Сауалнама сұрақтары бойынша респонденттердің көзқарастарының пайыздық (%) көрсеткіші

Сұрақ	Мүлдем келісбеймін (%)	Келіспеймін (%)	Бейтарап (%)	Келісемін (%)	Толық келісемін (%)
C1	9,6	15,4	46,2	23,1	5,8
C2	1,9	11,5	21,2	42,3	23,1
C3	3,8	13,5	23,1	44,2	15,4
C4	1,9	9,6	26,9	46,2	15,4
C5	5,8	7,7	30,8	38,5	17,3

5 - кестенің жалғасы

Сұрақ	Мүлдем келісбеймін (%)	Келіспеймін (%)	Бейтарап (%)	Келісемін (%)	Толық келісемін (%)
C6	1,9	19,2	34,6	36,5	7,7
C7	1,9	–	17,3	51,9	28,8
C8	1,9	–	23,1	44,2	30,8
C9	1,9	7,7	17,3	50,0	23,1
C10	–	5,8	36,5	42,3	15,4
C11	3,8	7,7	19,2	50,0	19,2
C12	15,4	–	32,7	32,7	19,2
C13	5,8	5,8	36,5	34,6	17,3
C14	–	3,8	25,0	50,0	21,2
C15	1,9	1,9	28,8	48,1	19,2

5-кестеде сауалнама сұрақтары (C1–C15) бойынша респонденттердің жауаптарының пайыздық үлестірімі көрсетілген. Нәтижелер студенттердің басым бөлігінің ұсынылған тұжырымдарға оң көзқарас танытқанын айқындайды. Бірқатар сұрақта келісемін және толық келісемін жауаптарының жиынтық үлесі 50 % және одан жоғары деңгейде байқалды (C7, C8, C9, C14, C15), бұл мәселенің қолдау деңгейінің жоғары екенін көрсетеді. Сонымен қатар кейбір сұрақтар бойынша бейтарап жауаптардың салыстырмалы түрде жоғары үлесі тіркелді (C1, C6, C10, C12), бұл респонденттердің аталған тұжырымдарға қатысты ұстанымдарының толық қалыптаспағанын аңғартады. Жалпы, алынған нәтижелер студенттердің пікірлерінің көбісі оң бағытта қалыптасқанын және зерттелетін мәселе бойынша олардың көзқарастарының негізінен оң екенін көрсетеді.

Сауалнама сұрақтарының орташа мәні бойынша есептелген «Жалпы» (Жалпы = $(C1+C2+C3+C4+C5+C6+C7+C8+C9+C10+C11+C12+C13+C14+C15)/15$) көрсеткіштің сипаттамалық статистикасы жүргізілді. Мұндағы C1-C15 — сауалнамадағы жеке сұрақтар. Бұл айнымалы әр респонденттің барлық 15 сұраққа берген жауаптарының орташа мәнін көрсетеді. Boxplot, гистограмма және Q-Q plot талдауы деректердің нормалдыққа жақындығын және экстремалды мәндердің аз екенін көрсетті. Нәтижелер көрсеткендей, сауалнама сұрақтары зерттелетін тақырыпты тұрақты әрі сенімді бағалауға мүмкіндік береді.

Жүргізілген зерттеу нәтижелерін өңдеу барысында алынған деректердің ішкі біртұтастығын анықтау мақсатында сенімділікке талдау жүргізілді. Сауалнамаға 52 респондент ($n = 52$) қатысқан, олардың ешқайсысы талдаудан шығарылмаған (0 %). Бұл көрсеткіш барлық айнымалылар бойынша толық деректердің бар екенін және зерттеу үлгісінің толық әрі сенімді екенін растайды (6-кесте).

6 - кесте

Бақылаулар бойынша жалпы жиынтық есеп көрсеткіші

Бақылаулар		No	%
	Валидтілік	52	100,0
	Шығарылды	0	,0
	Жалпы	52	100,0
а. Барлық айнымалыларды ескере отырып, мәліметтер толық көлемде алып тасталды			

Сауалнама немесе шкаланың ішкі біркелкілігін бағалау үшін сенімділік статистикасына талдау жасалынды. 15 сұрақтан тұратын шкала бойынша алынған Cronbach's Alpha коэффициентінің $\alpha = 0,901$ көрсеткіші өте жақсы деңгейдегі ішкі біркелкілікті көрсетеді. Алынған көрсеткіш жақсы деңгейдегі сенімділік ретінде бағаланады, яғни сауалнама сұрақтары зерттелетін тақырыпқа қатысты тұрақты әрі сенімді ақпарат береді.

Зерттеу барысында барлық сауалнама сұрақтары бойынша «жалпы» көрсеткіштің сипаттамалық статистикасы талданды (7-кесте). Сипаттамалық статистика көрсеткіштері бойынша орташа мән 3,43-ті құрап, медиана 3,44 деңгейінде анықталды. Бұл респонденттердің пікірлерінің негізінен орташа деңгейде оң екенін көрсетеді. Стандарттық ауытқудың 0,57, ал дисперсияның 0,324 деңгейінде болуы сауалнама жауаптарының орташа мәннен аздап ауытқып, деректердің орташа өзгергіштігінің қалыпты екенін көрсетеді. Минимум және максимум мәндерінің сәйкесінше 2,38 және 4,69, ал диапазонның 2,31, межквартильдік диапазонның (IQR) 0,75 болуы деректердің орталық бөлігі салыстырмалы түрде тығыз екенін көрсетеді. Асимметрия коэффициенті 0,162, ал эксцесс -0,486 көрсеткішін көрсетіп, бұл деректердің шамамен симметриялы таралғанын және қалыпты үлестіруге жақын екенін дәлелдейді. 95 % сенімділік интервалы 3,27–3,59 аралығында болуы жалпы көрсеткіштің сенімділігін растайды. Сонымен қатар 5 % кесілген орташа мәннің (Trimmed Mean) 3,42-ні көрсетіп, медианаға жақын болуы, деректерде экстремалды мәндердің орташа көрсеткішке ықпалы аз екендігі анықталды.

7 - кесте

Сипаттамалық статистика көрсеткіштері

Сипаттамалық статистика (Descriptive Statistics)			
Айнымалы		Статистика	Стандарттық қате
Жалпы	Орташа мән (Mean)	3,4267	,07897
	95 % сенімділік интервал (төменгі шек)	3,2682	—
	95 % сенімділік интервал (жоғарғы шек)	3,5852	—
	5 % кесілген орташа (Trimmed Mean)	3,4161	—
	Медиана (Median)	3,4375	—
	Дисперсия (Variance)	,324	—
	Стандарттық ауытқу (SD)	,56943	—
	Минимум (Minimum)	2,38	—
	Максимум (Maximum)	4,69	—
	Диапазон (Range)	2,31	—
	Межквартильдік диапазон (IQR)	,75	—
	Асимметрия (Skewness)	,162	0,330
	Эксцесс (Kurtosis)	-,486	0,650

«Жалпы» көрсеткіш бойынша студенттердің пікірлері орташа деңгейде оң бағаланған, ал деректердің таралуы шамамен симметриялы және қалыпты үлестіруге жақын екені анықталды.

Зерттеу барысында сауалнама сұрақтарының қалыпты таралуын бағалау (Normality Tests) мақсатында талдау жасалынды (8-кесте).

Қалыпты таралуды бағалау (Normality Tests)

	Колмогоров-Смирнов (Lilliefors түзетілген)			Шапиро-Уилка критерийі		
	Статистика	df	p-мәні	Статистика	df	p-мәні
Жалпы	086	52	200*	979	52	469

Зерттеу деректерінің қалыпты таралуын бағалау үшін Колмогоров–Смирнов (Лиллиефорс түзетілген) және Шапиро–Уилка критерийлері қолданылды. Нәтижелер көрсеткендей, жалпы көрсеткіш бойынша ррр-мәндері тиісінше 0,200 және 0,469 болып, 0,05 деңгейінен жоғары болды. Бұл деректердің қалыпты таралуға сәйкес екенін көрсетеді, сондықтан зерттеу барысында параметрлік статистикалық талдауларды қолдануға болады.

Зерттеу нәтижелері бойынша мынадай қорытындылар жасалды:

– Зерттеу барысында герменевтикалық талдаудың әдеби білім беру процесінде көркем шығарманы интерпретациялаудың тиімді әдісі екені анықталды;

– Эмпирикалық зерттеуге 52 респондент қатысты, олардың сауалнама арқылы жинақталған деректері SPSS 26 бағдарламасында өңделді. Сандық, статистикалық, сипаттамалық талдаулар жасалынды;

– Жалпы талдау нәтижелері көрсеткендей, герменевтикалық талдау білім алушылардың мәтінді терең түсіну, астарлы мағынасын ашу, сыни ойлау және жеке интерпретация жасау қабілеттерін дамытуда тиімді екенін дәлелдеді;

– Герменевтикалық тәсіл оқырман мен мәтін арасындағы диалогты дамытып, студенттердің өзіндік көзқарасын қалыптастыруға, шығармашылық ойлауын жетілдіруге ықпал етеді;

– Зерттеу барысында анықталғандай, дәстүрлі түсіндіру әдістері білім алушылардың жеке пікірін және интерпретациялық қабілетін толық ашуға жеткіліксіз, ал герменевтикалық талдау бұл олқылықтарды толықтырады;

– Герменевтикалық талдау арқылы білім алушылар көркем мәтінді тек мазмұндап қана қоймай, оны терең түсініп, мәнін интерпретациялауға үйренеді.

Жүргізілген зерттеу барысында білім алушылардың герменевтикалық талдау және көркем мәтінді интерпретациялауға қатысты көзқарастары анықталып, зерттеу сұрағы аясында бірнеше маңызды мәселелерге талдау жасалынды.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу барысында көркем мәтінді интерпретациялауда герменевтикалық талдаудың тиімділігі қарастырылып, оның білім алушылардың мәтінді түсіну қабілетін, авторлық идеяны ұғыну және жеке көзқарасын қалыптастыру мүмкіндігін арттырудағы рөлі анықталды. Зерттеу көрсеткендей, герменевтикалық әдіс білім алушыларды әдеби мәтінді тек мазмұндық деңгейде емес, мағыналық-танымдық тұрғыдан талдауға бағыттайды, соның нәтижесінде олардың шығармашылық ойлау және сыни тұрғыдан бағалау қабілеттері дамиды. Сонымен қатар заманауи әдеби шығармаларды оқытуда оқырман мен мәтін арасындағы өзара байланысты күшейтудің әдістемелік негіздері анықталды. Герменевтикалық талдау білім алушылардың әдеби талдау дағдыларын арттырып қана қоймай, жеке интерпретация жасауға, мәтіннің астарлы мәнін түсінуге, рухани-эстетикалық дамуына және әдеби-танымдық қабілеттерін жетілдіруге ықпал ететіні көрсетілді; олардың дербес ойлауын, сыни көзқарасын және рухани-эстетикалық дамуын қамтамасыз ететін тиімді құрал ретінде бағаланды. Зерттеу жұмысы көрсеткендей, герменевтикалық талдау көркем мәтінді интерпретациялаудың тиімді әдісі. Бүгінгі білім беру кеңістігінде білім алушылардың әдеби мәтінді терең түсіну және жеке көзқарас тұрғысынан талдау қабілетін дамыту өзекті мәселеге айналған.

Эмпирикалық зерттеу нәтижелері білім алушылардың герменевтикалық талдау және интерпретация жасау дағдыларының деңгейін айқындады, сонымен қатар бұл әдістің әдеби білім беру процесінде оқыту сапасын жақсартуға, мәтінді терең түсінуге және жеке көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік беретін тиімді тәсіл екені анықталды. Жалпы, герменевтикалық талдау көркем мәтінді

интерпретациялаудың ғылыми негізделген әдісі ретінде білім алушылардың әдеби-танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуда маңызды рөл атқаратыны айқындалды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Есембеков Т. Көркем мәтінді талдау негіздері / Т. Есембеков. — Алматы: Қазақ университеті, 2009. — 257 б.
- 2 Есім Ғ. Хакім Абай: (даналық дүниетанымы) / Ғ. Есім. — Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1994. — 200 б.
- 3 Жанұзакова Қ.Т. Көркем мәтінді талдау мен түсіну және герменевтиканың кейбір мәселелері [Электрондық ресурс] / Қ.Т. Жанұзакова // Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің хабаршысы. — 2015. — № 1 (55). — 36–39-б. — Қолжетімділігі: <https://rmebrk.kz/journals/3244/32282.pdf>
- 4 Еркінбай Ұ. Қазіргі әдебиеттану ғылымындағы герменевтикалық, структуралистік және семиотикалық зерттеу тәсілдері [Электрондық ресурс] / Ұ. Еркінбай // Asiainfo.kz. — 2017. — Қолжетімділігі: https://www.asiainfo.kz/A_adebiet/sin/2017-05-10/652.html
- 5 Жұмақаева Б. Көркем мәтінді қабылдау мен түсіну — интерпретация қадамдары [Электрондық ресурс] / Б. Жұмақаева, Ғ. Қамбарова // Білім — Образование ғылыми-педагогикалық журналы. — 2023. — Т. 104, № 1. — 60–67-б. — Қолжетімділігі: <https://bilim-uba.kz/index.php/science/article/view/13>
- 6 Отарбаева Ғ.Н. Мәтін және интерпретация: көзқарастар мен концепциялар [Электрондық ресурс] / Ғ.Н. Отарбаева // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. — 2018. — № 4 (172). — 198–205-б. — Қолжетімділігі: <file:///C:/Users/2026/Downloads/4926.pdf>
- 7 Алдамбергенова Ғ.Т. Герменевтикалық әдістің әдебиеттану ғылымындағы орны [Электрондық ресурс] / Ғ.Т. Алдамбергенова, Б.Т. Панзабек // Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің хабаршысы. — 2018. — № 3 (75). — 82–86-б. — Қолжетімділігі: <https://cyberleninka.ru/article/n/hermenevtikaly-dist-debiettanu-ylmynda-y-orny/viewer>
- 8 Nasriyeva G.Z. Hermeneutic method in literature [Electronic resource] / G.Z. Nasriyeva // American Journal of Social and Humanitarian Research. — 2022. — Vol. 3, No. 9. — P. 197–202. — Access mode: <https://globalresearchnetwork.us/index.php/ajshr/article/view/1510/1399>
- 9 Kalaga T. Literary hermeneutics: from methodology to ontology / T. Kalaga. — Niukasl-apon-Tain: Cambridge Scholars Publishing, 2015.
- 10 Habsheid S. Analyse und Interpretation von Lyrik: Reichweite und Grenzen der Textlinguistik / Analysis and Interpretation of Poetry: Scope and Limits of Text Linguistics / S. Habsheid // Zeitschrift für Literaturwissenschaft und Linguistik. — 2021. — Vol. 51 (1/2). — P. 27–41. DOI: <https://doi.org/10.1007/s41244-021-00188-1>
- 11 McCarthy K.S. Constructing interpretive inferences about literary text: The role of domain-specific knowledge / K.S. McCarthy, S.R. Goldman // Learning and Instruction. — 2019. — Vol. 60. — P. 245–251. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.learninstruc.2017.12.004>
- 12 Burkett C. “Getting the Point” of Literature: Relations Between Processing and Interpretation / C. Burkett, S.R. Goldman // Discourse Processes. — 2016. — Vol. 53. 457–487. DOI: 10.1080/0163853X.2016.1169969
- 13 Қамбарова Ғ. ЖОО-да студенттердің көркем мәтінді түсіну деңгейін автор-оқырман қатынасы моделі негізінде арттыру әдістемесі / Ғ. Қамбарова, Б. Жұмақаева, К. Калдыбаева // ҚазҰУ хабаршысы. Педагогикалық серия. — 2024. — Т. 79, № 2. — 169–179-б. DOI: <https://doi.org/10.26577/JES20247902014>
- 14 Отарбаева Ғ.Н. Көркем мәтінге интерпретация арқылы студенттер шығармашылығын дамыту әдістемесі: филос. д-ры (PhD) д-р. ... дисс. / Ғ.Н. Отарбаева. — Қаскелең: Сулейман Демирель атындағы университет, 2022. — 186 б.
- 15 Mombekova M.M. Creating pedagogical conditions for the formation of students’ research competence / M.M. Mombekova // Bulletin of the Karaganda University. Pedagogy series. — 2025. — Vol. 30, Issue 1(117). — S. 82–91. DOI: <https://doi.org/10.31489/2025ped1/82-90>

М.А. Айдархан, Н.С. Халиков

Развитие интерпретационных навыков обучающихся на основе герменевтического анализа художественного произведения

В статье рассматривается литературная герменевтика как эффективный метод интерпретации художественных произведений. В современном гуманитарном образовании особое внимание уделяется обучению студентов глубокому пониманию литературного текста и его интерпретации с позиции личного взгляда. Современные требования предполагают, что студенты должны не только пересказывать текст, но и анализировать его содержание и раскрывать смысл. Традиционные методы преподавания литературы недостаточны для формирования личного мнения и творческого мышления студентов. В этой связи герменевтический анализ как наука, направленная на раскрытие и объяснение смысла текста, способствует развитию диалога между читателем и текстом на уроках литературы. Цель исследования — обосновать герменевтический анализ как эффективный метод интерпретации художествен-

ного произведения и определить его научно-методические возможности в образовательном процессе. Основная идея заключается в изучении способов формирования читательского восприятия с использованием современных методов преподавания. В статье рассматриваются уровни понимания текста читателем, познавательные компоненты восприятия художественного произведения, а также различия между процессами анализа и интерпретации. Эмпирическое исследование включало 52 студента 3-4 курсов филологического факультета ЮКПУ имени У. Жанибекова. Данные анкетирования были обработаны в SPSS 26 с использованием количественного, качественного и статистического анализа. Исследование вносит вклад в образовательный процесс по литературе, предлагая практические пути внедрения герменевтического подхода и совершенствования культуры работы студентов с художественными произведениями.

Ключевые слова: герменевтика, интерпретация, художественный текст, литературный анализ, методология, читательское восприятие, работа с текстом, авторская позиция, толкование текста, литературное образование.

M.A. Aidarkhan, N.S. Khalikova

Development of Students' Interpretation Skills Based on the Hermeneutic Analysis of a Literary Work

This article examines literary hermeneutics as an effective method for interpreting literary works. In contemporary humanities education, it is crucial for students to develop the ability to understand texts deeply and interpret them from a personal perspective. Modern educational requirements demand that students not only summarize literary works but also engage with their deeper meaning. Traditional teaching methods in literature are often insufficient for fostering students' personal viewpoints and creative thinking. The study aims to justify hermeneutic analysis as an effective method for literary interpretation and to identify its scientific and methodological applications in literary education. It explores strategies for developing students' literary perception through contemporary teaching approaches. The research emphasizes the significance of hermeneutic analysis as a modern approach to understanding and interpreting texts, considering readers' comprehension levels, cognitive components of literary perception, and the distinction between analysis and interpretation. The empirical study involved 52 students in their third and fourth years at the Faculty of Philology of O. Zhanibekov Kazakh University. Quantitative, qualitative, and statistical analyses of survey data processed in SPSS 26 revealed that hermeneutic analysis effectively enhances students' abilities to comprehend texts deeply, think critically, and perform independent interpretations.

Keywords: hermeneutics, interpretation, literary text, literary analysis, methodology, reader perception, working with text, author's standpoint, text interpretation, literary education.

References

- 1 Esembekov, T. (2009). *Korkem matindi taldaу negizderi* [Fundamentals of literary text analysis]. Almaty: Qazaq universiteti [in Kazakh].
- 2 Esim, G. (1994). *Khakim Abai: (danalyq dunietanymy)* [Hakim Abai: (wisdom worldview)]. Almaty: Atamura-Qazaqstan [in Kazakh].
- 3 Zhanuzaqova, Q.T. (2015). Korkem matindi taldaу men tusinu zhane germeneytikanyн keibir maseleleri [Some issues of analysis and understanding of literary text and hermeneutics]. *Qazaq memleketтик qyzdar pedagogikalыq universitetinin khabarshysy — Bulletin of the Kazakh State Women's Teacher Training University*, 1(55), 36–39. Retrieved from <https://rmebrk.kz/journals/3244/32282.pdf> [in Kazakh].
- 4 Erkinbai, U. (2017). Qazirgi adebiettanu gylmyndagy germeneytikalyq, strukturalistik zhane semiotikalыq zertteu tasilderi [Hermeneutic, structuralist and semiotic research methods in modern literary criticism]. *asiainfo.kz*. Retrieved from https://www.asiainfo.kz/A_adebiet/sin/2017-05-10/652.html [in Kazakh].
- 5 Zhumakaeva, B., & Kambanova, G. (2023). Korkem matindi qabyldau men tusinu — interpretatsiia qadamdary [Perception and understanding of a literary text — steps of interpretation]. *Bilim — Obrazovanie gylmy-pedagogikalыq zhurnaly — Bilim — Education scientific-pedagogical journal*, 104 (1), 60–67. Retrieved from <https://bilim-uba.kz/index.php/science/article/view/13> [in Kazakh].
- 6 Otalbaeva, G.N. (2018). Matin zhane interpretatsiia: kozqarastar men kontseptsiialar [Text and interpretation: views and concepts]. *Qazaq ulytyq universitetini khabarshysy. Filologiya seriiasy — Bulletin of the Kazakh National University. Philology series*, 4 (172), 198–205. Retrieved from file:///C:/Users/2026/Downloads/4926.pdf [in Kazakh].
- 7 Aldambergenova, G.T., & Panzabek, B.T. (2018). Germeneytikalyq adistin adebiettanu gylmyndagy orny [The place of the hermeneutic method in literary criticism]. *Qazaq memleketтик qyzdar pedagogikalыq universitetinin khabarshysy — Bulletin of the Kazakh State Women's Teacher Training University*, 3 (75), 82–86. Retrieved from <https://cyberleninka.ru/article/n/hermenevtikalы-distidebiettanu-ylmynda-y-orny/viewer> [in Kazakh].

- 8 Nasriyeva, G.Z. (2022). Hermeneutic method in literature. *American Journal of Social and Humanitarian Research*, 3 (9), 197–202. Retrieved from <https://globalresearchnetwork.us/index.php/ajshr/article/view/1510/1399>
- 9 Kalaga, T. (2015). *Literary hermeneutics: from methodology to ontology*. Niukasl-apon-Tain: Cambridge Scholars Publishing.
- 10 Habsheid, S. (2021). Analyse und Interpretation von Lyrik: Reichweite und Grenzen der Textlinguistik Analysis and Interpretation of Poetry: Scope and Limits of Text Linguistics. *Zeitschrift für Literaturwissenschaft und Linguistik*, 51 (1/2), 27–41. DOI: 10.1007/s41244-021-00188-1
- 11 McCarthy, K. S., & Goldman, S. R. (2019). Constructing interpretive inferences about literary text: The role of domain-specific knowledge. *Learning and Instruction*, 60, 245–251. DOI: 10.1016/j.learninstruc.2017.12.004
- 12 Burkett, C., & Goldman, S.R. (2016). “Getting the Point” of Literature: Relations Between Processing and Interpretation. *Discourse Processes*, 53, 457–487. DOI: 10.1080/0163853X.2016.1169969
- 13 Kambarova, G., Zhumakayeva, B., & Kaldybayeva, G.A. (2024). Zhogary oqu oryndarynda studentterdin korkem matindi tusinu dengeiin avtor-oqyrman qatynasy modeli negizinde arttyru adistemesi [Methodology for increasing the level of understanding of a literary text by university students based on the author-reader relationship model]. *Qazaq ullyq universitetinin khabarshysy. Pedagogikalyq gylymdar seriiasy — Bulletin of the Kazakh National University. Pedagogical Sciences series*, 79 (2), 169–179. DOI: 10.26577/JES20247902014 [in Kazakh].
- 14 Otarbayeva, G.N. (2022). Korkem matinge interpretatsiia arqyly studentter shygarmashylygyn damytu adistemesi [Methodology for developing students' creativity through interpretation of a literary text]. *PhD thesis*. Kaskelen: Suleiman Demirel atyndagy universitet.
- 15 Mombekova, M.M. (2025). Creating pedagogical conditions for the formation of students' research competence. *Bulletin of the Karaganda University. Pedagogy series*, 30, Issue 1(117), 82–91. DOI: 10.31489/2025ped1/82-90.

Information about the authors

Aidarkhan M.A. — 1st year PhD student, South Kazakhstan Pedagogical University named after U. Zhanibekov, Shymkent, Kazakhstan; e-mail: meirhan97aidarhan@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-5337-0431>

Khalikova N.C. (contact person) — Candidate of Philological Sciences, Senior Lecturer, U. Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan; e-mail: khalikova_nurila1976@mail.ru; ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1360-0131>